

М.М. Дабылтаева¹, **Е.Б. Тоқтаров²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, Қазақстан, Астана қ.

*e-mail: dabylytayeva.makpal@gmail.com

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА СЕНИМІ («Қаңтар оқиғасы» кейсіне контент-анализ)

Бұл мақала «Қаңтар оқиғасы» кезіндегі тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі, қоғамдық пікірдің қалыптасуы, мемлекеттік билік пен құқық қорғау органдарының әрекеттерін зерттеуге арналған. Қазіргі әлеуметтік өзгерістер салдарынан қалыптасқан қоғамдағы жаңа қарым-қатынастар құқық қорғау органдарының әлеуметтік институт ретінде жаңа дәуірдегі өзгерістердің алдында тұрғанын байқатады.

Зерттеудің мақсаты – «Қаңтар оқиғасы» кейсін зерттеу негізінде тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін анықтау.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде мерзімді басылым беттерінегі қоғамдық пікірді зерттеу үшін контент-талдау әдісі қолданылды. Мерзімді басылымдарға шолу жасау барысында авторлар осы құбылыстың әлеуметтік маңыздылығына назар аудара отырып тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі мәселесін, әлеуметтік шындық тұрғысынан қарастырды ұсынды.

Зерттеу барысында алынған мәліметтерге сәйкес, тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі деңгейінің төмендеуі құқық қорғау саласындағы бюрократиялық кедергілерге, құқық қорғау үдерісіндегі процесуалды іс-әрекеттердің жүйелі ұйымдастырылмауы және құқық қорғау органдарына қатысты қалыптасқан стереотиптермен байланысты екендігі анықталды.

Зерттеу нәтижесінде авторлар БАҚ талдау арқылы алынған мәліметтерге сүйеніп, еліміздегі саяси мәдениетті, құқықтық мәдениетті қалыптастырудың жаңа тетіктерін әзірлеу, тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін көтеруде маңызды шаралардың бірі деп атап өтті.

Бұл зерттеудің қорытындылары Қазақстан Республикасындағы тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімін арттыру барысында, Қазақстандық қоғамның саяси-құқықтық мәдениеттің жетілдіруде өзінің тәжірибелік маңызы бар зерттеу болып табылады.

Түйін сөздер: сенім, құқық қорғау органдары, азаматтардың наразылықтары, саяси мәдениет, сенімнің әлеуметтік мәні.

M.M. Dabyltayeva^{1*}, E.B. Toktarov²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Kazakhstan institute for strategic studies under the President
of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Astana

*e-mail: dabylytayeva.makpal@gmail.com

Public confidence in law enforcement agencies (content analysis based on the case of January events)

This article is devoted to the study of the formation of public opinion, public confidence in law enforcement agencies, the actions of state authorities and law enforcement agencies during the “January events”. After all, the new modern relationships in society that have developed as a result of social changes indicate that law enforcement agencies as a social institution are on the verge of changes in a new era. The purpose of the study is to identify the level of public confidence in law enforcement agencies through the study of the case “January events”.

The method of “content analysis”, the study of public opinion through the analysis of periodicals, was used as the methodological basis of the study. During the review of periodicals, the authors focused on the consideration of public confidence in law enforcement agencies through the prism of the social significance of this phenomenon.

In accordance with the data obtained, it was revealed that the decrease in public confidence in law enforcement agencies is due to bureaucratic obstacles in the law enforcement sphere, the lack of sys-

tem of procedural actions in the law enforcement process and the prevailing stereotypes regarding law enforcement agencies.

According to the results of the study, the authors conclude that it is important to increase the confidence of the country's population in law enforcement agencies through the development of new mechanisms for the formation of legal culture. It also seems important to increase the level of political culture, which is still not high enough, which was revealed in the analysis of the media. The results of this study are of practical importance for further research in the field of improving the political and legal culture of Kazakh society to increase the level of public confidence in law enforcement agencies of the Republic of Kazakhstan.

Key words: trust, law enforcement agencies, citizens' protests, political culture, social essence of trust.

М.М. Дабылтаева^{1*}, Е.Б. Токтаров²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте

Республики Казахстан, Казахстан, г. Астана

*e-mail: dabylytaeva.makpal@gmail.com

Доверие населения к правоохранительным органам (контент-анализ на кейсе январских событий)

Данная статья посвящена изучению формирования общественного мнения, доверия населения к правоохранительным органам, действиям государственной власти и правоохранительных органов во время «Январских событий». Современные новые взаимоотношения в обществе, сложившиеся вследствие социальных изменений, свидетельствуют о том, что правоохранительные органы как социальный институт находятся на пороге перемен новой эпохи. Целью исследования является выявление уровня доверия населения к правоохранительным органам посредством изучения кейса «Январские события».

В качестве методологической основы исследования был использован метод «контент-анализа», изучение общественного мнения посредством анализа периодической печати. В ходе обзора периодики авторами был сделан упор на рассмотрение доверия населения к правоохранительным органам сквозь призму социальной значимости данного явления.

В соответствии с полученными данными было выявлено, что снижение доверия со стороны населения к правоохранительным органам связано с бюрократическими препонами в правоохранительной сфере, бессистемностью процессуальных действий в правоохранительном процессе и сложившимися стереотипами в отношении правоохранительных органов.

По результатам исследования был сделан вывод о важности повышения доверия населения страны к правоохранительным органам через разработку новых механизмов формирования правовой культуры. Также представляется важным повышение уровня политической культуры, который еще недостаточно высок, что было выявлено при анализе СМИ. Результаты данного исследования имеют практическую значимость для дальнейших исследований в области совершенствования политико-правовой культуры казахстанского общества для повышения уровня доверия населения к правоохранительным органам Республики Казахстан.

Ключевые слова: доверие, правоохранительные органы, протесты граждан, политическая культура, социальная сущность доверия.

Кіріспе

Әлемде орын алып жатқан әлеуметтік өзгерістер, атап айтқанда жаһандық пандемия, экономикалық дағдарыстар, сандық коммуникация мәдениетінің жаңаша қалыптасуы секілді үдерістер әлеуметтік институттар қатынасында жаңаша өзгерістердің жасалуына себеп болды. Бұл өзгерістер қазақстандық қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни, мәдени трансформациялану келбетін жасайды. Жаңа қоғамдық трансформациялар қоғамдық сананың жаңаша бейнеде қалыптасуына, дамуына

алып келеді. Азаматтар арасындағы қарым-қатынастың жаңаша түрі барлық қоғамдық қатынастарда өзгеріске ұшырап, жаңа келбетке енеді. Бұл жаңаша қарым-қатынастар үдерісінде әлеуметтік институт ретінде қызмет атқаратын құқық қорғау органдары қызметінің қоғамдағы әлеуметтік рөлін және сенім дәрежесін зерттеу өте өзекті болып отыр. Әлеуметтік өзгерістер салдарынан қалыптасқан қоғамдағы жаңаша қарым-қатынас үлгілері құқық қорғау органдарының да институт ретінде жаңа дәуір өзгерістерінің қарсаңында тұрғанын байқатады.

Әлеуметтік бірлестіктер мен әлеуметтік институттар туралы қазіргі заманғы әлеуметтанулық зерттеулерде Р. Милс классификациясы кең қолданысқа ие. Ол негізгі бес фундаменталдық институтты қарастырады: экономикалық институт (шаруашылық қызметті ұйымдастырушы институт), саяси институт (билік институты), отбасы институты (ұрпақ әкелу, әлеуметтендіру, жыныстық қатынас), әскери институт (құқықтық, заңнамалық мұраны жалғастырушы), діни институт (құдайға сыйыну, ұжымдық сенім) (Кочарной, 2016:88).

Тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі мәселесі аталған қоғамдық институттардың бірнеше жүйесімен тікелей байланысты. Жоғарыда аталған қазіргі заманғы әлеуметтік институттардың барлығы кіші және үлкен әлеуметтік топтардан тұрады. Әлеуметтік топ мүддесіне байланысты қауымдастықтарға ұласады. Осы бір әлеуметтік топтардың құқық қорғау органдарына сенімі, қоғамдық деңгейдегі тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімін қалыптастырады.

Тұрғындардың сенімі мемлекеттік билік органдарындағы лауазымды тұлғалар, басшылардың әлеуметтік мәртебесінің негізгі психологиялық компонентін құрайды (Шушикова, 2021:35).

Бүгінде тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі мәселесін зерттеу деңгейі қолданбалы ғылым деңгейінде жергілікті органдардың сұраныс деңгейімен шектеліп отыр. Атап айтатын болсақ, статистикалық мәлімет негізінде тәуелсіз маркетингтік зерттеу ұйымдары тарапынан арнайы тапсырыс бойынша жасалынады, мемлекеттік деңгейде Ұлттық статистика бюросы тарапынан әр квартал сайын жүргізіледі. Бірақ елімізде орын алған «Қаңтар оқиғасы» институттың зерттелу деңгейі мен қызмет сапасына концептуалдық мән беруді талап етеді. Себебі әлеуметтік институттың бір құрамы ретінде әлеуметтік жүйеге, жүйенің тұтас қызмет етуіне өзінің септігін тигізетіні анық.

Сенім қоғамдық өмірдің барлық саласында маңызды. Ол – мемлекетаралық деңгейден жеке тұлғааралық деңгейге дейін өзіндік мәні бар қарым-қатынас құралы. Сонымен қатар қоғамдық қарым-қатынастың барлық салаларында да қызмет ететін құрал.

Сенім мәселесі – ғылымда пәнаралық ұғым. Бүгінде сенім мәселесін саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, экономистер, заңгерлер, денсаулық сақтау саласы қызметкерлері

жан-жақты зерттеп келеді. Сенім ұғымының әлеуметтік мәнін анықтау өзекті болып отыр.

Ғылымда сенімнің негізгі үш түрін қарастырады: институционалдық, тұлғааралық және жалпы (жалпылама) сенім (Субхангулов, 2016:12).

Жалпы сенім дегеніміз – отбасы, жұмыс ортасы, т.б. тәрізді қауымдастықтар арасындағы адамдардың қарым-қатынасы. Тұлғааралық сенім – байланыстың бір түрі, бір немесе бірнеше адамның белсенді қарым-қатынасы. Институционалдық сенім – институттардың тұлғаға билік жүргізу арқылы, «азамат-институт» қарым-қатынасы форматында көрініс табатын сенім түрі. Георг Зиммель сенімді қоғамдағы маңызды синтетикалық күштің бірі деп сипаттайды, Адамдардың бір-біріне деген сенімсіздігі салдарынан қоғам тарқап кететін еді (құлдырайтын). Бұл тұжырымның тағы бір дәлелі ретінде Левидің пікірін келтіруге болады (Купрейченко, 2013:16). Оның пікірінше, адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу барысында тәуекелдерге бел байлайды және адамдардың жеке қызығушылықтарына басымдық бермейтін шешімдер қабылдауға, ұжымдық мәселені шешуге көмектеседі. Сенімді қиындықты азайтатын, сондай-ақ бізге шешім қабылдауға көмектесетін құрал деп қарастырады (Купрейченко, 2013 б:14).

Философия ғылымында сенім феномені Аристотель, Н. Макиавелли, Т. Гоббс, Дж. Локк, Ж-Ж. Руссоның меклекет туралы теориялық тұжырымдамалары негізінде қарастырылады. Олардың кейбірі сенім құбылысын мемлекеттің өмір сүруіне қажетті жағдай десе, енді бірі маңызды емес деген пікірде болды.

Психология ғылымында сенім ұғымы эмоционалдық қатынастар деп қарастырылады, яғни мінез-құлық элементтерінің когнитивтік, эмоционалдық қатынасы.

Әлеуметтану ғылымында екі негізгі тәсіл арқылы зерделенеді: рациональдық (өткеннің тәжірибесіне сүйенген есепке негізделген) және иррационалдық (ішкі сенімдер мен сезімдерге негізделген) сенім құбылысы (Тихонова, 2019).

Осы тұрғыда сенім феноменін зерттеп жүрген әлеуметтанушы ғалым Н.М. Байковтың зерттеулерінде адамдар арасындағы сенім қоғамдық мәселелерді шешуде адамдардың қоғамдық ұйымдарда, әлеуметтік бірлестіктерде өзара бірігуіне себеп болып, әсер ететін маңызды жағдайдың бірі деп тұжырымдағанын айта кеткен жөн (Байков, 2018).

Республика деңгейінде сенім мәселесін зерттеу алғашында саяси институттарды зерттеу аясында өлшем жасалынып, 2010 жылдардан бері ҚР құқықтық концепциясына сүйене отырып, ҚР құқықтық саясаты құжаттары негізіндегі ішаралар барысында жүзеге асырылады. Құқық қорғау саласында да сенім мәселесі өзіндік маңызы бар феномен. Бұл феноменнің деңгейін өлшеу мәселесі әлемдік деңгейде жүзеге асырылады. Әлемде әр түрлі бағытта, деңгейде рейтинг бар. Мысалы: Дүниежүзілік экономикалық форум әр жылда 103 индикатордан тұратын, 12 бәсекеге қабілетті факторларды ескере отырып есеп әзірлейді, осы рейтинг негізінде 2019 жылы Қазақстан «Полиция қызметінің сенімділігі» (Reliability of police services) индикаторының факторы бойынша 141 елдің ішінде 81-орынды иеленді.

Тұрғындар мен құқық қорғау органдары арасындағы қарым-қатынас – ұжымдық қарым-қатынастың негізгі индикаторларының бірі. Тұрғындардың әлеуметтік институттарға сенімі – қоғамның құрылымын анықтайтын негізгі индикатор.

Ян Фузенің теориясына сүйенсек, сенім – әлеуметтік феномен, «ұжымдық қарым-қатынастың индикаторы» (Купрейченко, 2013:35).

Сонымен қандай да бір қарым-қатынаста бір-бірінен күтілетін әрекетті орындауға тырысатын екі субъект болатынын айтқымыз келеді. Бұл – әлеуметтік институт пен азаматтар арасында ортақ мақсатқа жету үшін кез келген ұжымдық қарым-қатынастың орын алуы дәлел болатынының көрсеткіші.

Сондықтан да Қаңтар оқиғасы барысында орын алған ұжымдық қарым-қатынас индикаторларының деңгейі, дәрежесі, әлеуметтік ролі өте маңызды және жан-жақты зерттеуді талап етеді. Себебі Қаңтар оқиғасы кезінде құқық қорғау қызметі органдарына тұрғындар тарапынан жаңаша қоғамдық көзқарастар қалыптасып, сенім деңгейінің дәрежесіне сын келді. Оқиға барысында еліміздің қауіпсіздігіне қастандық жасаған ланкестердің әрекеті салдарынан туындаған жағдайлар, еліміздің армия, құқық қорғау саласына үлкен өзгерістер мен реформалар қажет екенін дәлелдегендей болды.

Осындай ортақ мүдде негізінде ұжымдық қарым-қатынасты жүзеге асырып отырған әлеуметтік институт тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі деңгейін, қарым-қатынас индикаторының деңгейін көрсетеді. Қаңтар оқиғасында орын алған жағдайлар, тұрғындардың құқық қорғау органдарына

сенімін жаңа деңгейге өткен ұжымдық қарым-қатынас деп атауға болады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – Қаңтар оқиғасына саяси-экономикалық тұрғыдан баға сол уақытта берілгені мәлім, ал оқиғаның тарихи, әлеуметтік бағасы ол уақыт еншісінде зерттеледі. Бүгінде Қаңтар оқиғасын зерттеушілер арасында мәселенің өзектілігі әлі де болса көптеген дискуссияға себеп болып отыр. Оқиғаның алғашқы талдануы бойынша зерттеушілер бірнеше топқа бөлініп оқиғаға әлеуметтік, саяси, тарихи баға беруде. Бұл оқиғаның болуына билік тарапынан саяси жүйенің әлсіздігі, әлеуметтік-экономикалық бақылау мен басқарудың тиімді ұйымдастырылмау факторлармен қатар, тұрғындар тарапынан құқықтық, саяси сауаттылықтың аздығы, саяси мәдениеттің өз деңгейінде қалыптаспауы оқиғаның ушығуына алып келді. Қазақстандық қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық келбетін сипаттаған бұл оқиға тұрғындардың билік органдары мен құқық қорғау органдарына қарым-қатынасын, сенім дәрежесі көрсетті. Еліміздің қауіпсіздігіне тигізген салдарлар, армия мен қауіпсіздік қызметінің реформаларды талап етуі, құқық қорғау органдары қызметінің мәртебесі Қаңтар оқиғасы барысында өзінің бағасын алып, бүгінде әлеуметтану, саясаттану, тарих ғылымдары тарапынан жүйелі зерттеліп, зердеулеуді талап етіп отыр.

Қаңтар оқиғасы салдарынан болған шығындар мен зардаптарға нақтырақ тоқталатын болсақ, Қаңтар трагедиясы кезінде Алматы, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Ақтөбе, Өскемен, Семей және басқа да қалаларда 1 466 нысан бүлінген. Оның ішінде – 71 мемлекеттік мекеме, дәлірек айтқанда, 12 әкімдік ғимараты, 27 полиция бөлімшесі. Оған қоса 1 395 бизнес нысаны бүлінген. ІІМ-нің мәліметінше, 700 көлік қираған. Оның ішінде жекеменшік авто, жедел жәрдем, полиция, өрт сөндіру мен қызмет көліктері бар (Раманқұлова, 2022).

Жалпы Қаңтар оқиғасы бойынша 3 770 қылмыстық іс қозғалды. Дегенмен Ұлттық қауіпсіздік органы мен полиция қызметкерлерінің ұсталғандарды азаптау, қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану фактілері де тіркелді. Ол бойынша 243 іс қаралды (Раманқұлова, 2022).

Жоғарыда келтірілген деректердің өзі еліміздегі құқық қорғау органдарына сенім

мәселесінің жан-жақты, екі тарапты әлеуметтанулық зерттеу қажеттілігін туындатып отыр.

Қаңтар оқиғасы мәселесіне контент-анализ жасау арқылы тұрғындар мен құқық қорғау органдарының қарым-қатынасы деңгейіне әлеуметтік баға беру жұмысы жүзеге асырылды.

Зерттеудің мақсаты «Қаңтар оқиғасы» кейсінде тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін анықтау болып табылады. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін контент-анализ әдісін қолданып, мерзімді басылымдарды талдау арқылы қоғамдық пікірді зерттеу жүргізілді. Мерзімді басылымдарды шолу барысында осы құбылыстың әлеуметтік маңыздылығы арқылы тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сеніміне баса назар аударылды.

Зерттеу мәселесінің объектісі – қоғамдық пікірді қалыптастырушы құрал республикалық мерзімді басылымдар және БАҚ «Қаңтар оқиғасы» кезіндегі құқық қорғау органдарының қызметі, тұрғындармен қарым-қатынасы, әлеуметтік институт ретіндегі қызметіне байланысты деректерді зерттеу. Зерттеу жұмысының гипотезасы: Бүгінгі таңда Қазақстанда құқық қорғау органдарына деген сенім мен көзқарастың белгілі бір модельдері қалыптасқан. Оның белгілі үлгілері мен шекаралары бар. Сондықтан да қоғамдық сана деңгейінде құқықтық мәдениетті түбегейлі өзгертпейінше, тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенімі өзгермейді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеуде Қаңтар оқиғасы кейсі бойынша республикалық мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалардағы тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі мәселесіне контент-анализ жасай отырып, аталған мәселенің әлеуметтік өзгерістер кезеңіндегі өрісі қарастырылды. Статистикалық деректерді талдап, сандық және сапалық контент-анализ жасап, тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімінің деңгейін бағалап, азаматтардың құқықтық мәдениеті деңгейі, құқықтық сауаттылық мәселесінің қалыптасуы қарастырылды. Мәліметтер негізінде республикалық маңызы бар мерзімді басылымдар талданып, тұрғындар мен құқық қорғау органдары арасындағы трансформацияланған сенім мәселесінің тенденциялары анықталды. БАҚ сандық және сапалық контент-анализ келесі параметр (құрылым) негізінде жүргізілді: Материал типі, белгілер саны, қаралым саны, талқылау/

комментарий саны, авторлық құқығы, жанр, жарияланым түрі, жарияланым сипаттамасы мен тақырыбы, жарияланым тональності, тақырыбы, негізгі кейіпкерлер (Аверьянов, 2009).

Мерзімді басылымды іріктеу мониторингі:

Ақпараттық дереккөздердің іріктеуіне республика бойынша рейтингісі жоғары және таралым тиражы көп мерзімді басылымдар алынды. Мерзімді басылымдар ақпараттандырылу мен қолжетімділігіне сүйене отырып таңдалды. Бұл мерзімді басылымдар қоғамдық пікірге ықпалы, республикалық таралым тиражы бойынша және оппозициялық пікірдегі жарияланым негізінде іріктелді. Атап өтетін болсақ, Егемен Қазақстан газеті республикалық газет, қоғамдық пікірге ықпалы зор басылым. Жас Алаш газеті жастарға арналған, жастар рухын насихаттайтын, республикалық газет. Заң газеті саяси-қоғамдық өмір мен құқық саласы бойынша ақпарат беретін, республикалық газет. DAT еліміздегі ең алғашқы қоғамдық позицияны ұстанатын, тәуелсіз оппозициялық газет.

Мониторинг негізінде 2022 жылдың 5 қаңтарында өткен, тарих беттеріндегі (еліміздің күнтізбесінде) «Қаңтар оқиғасы» қарастырылды. Мониторинг 2022 жылдың 05.01.2022-31.03.2022 жж. мерзімі аралығында құқық қорғау органдары мен тұрғындардың қарым-қатынасына байланысты деректер мен басылымдар қаралды.

Зерттеуге арқау болған тақырып бойынша жасалған контент-анализге төмендегі мерзімді басылымдар таңдалды:

1. Егемен Қазақстан
2. Заң газеті
3. Жас Алаш
4. DAT газеті. Басылымдардың жалпы іріктемелі жиынтығы – 76 материал.

1-кесте – Іріктеу жиынтығы

№	Мерзімді басылым атауы	Қаралған мақала саны
1	Егемен Қазақстан	36
2	Жас Алаш	16
3	Заң газеті	19
4	DAT газеті	10

Жарияланымдарды талдау арнайы жасалған кодтау парағының көмегімен жүзеге асырылды, онда материалдың тиісті сипаттамалары енгізілді. Содан кейін мәндеріне арифметикалық санау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Контент-анализ әдісі арқылы зерттеу жүргізу барысында негізгі өлшем жасауда материал типі, белгілер саны, қаралым саны, талқылау/комментарий саны, авторлық құқығы, жанр, жарияланым түрі, жарияланым сипаттамасы мен тақырыбы, жарияланым эмоционалдық бағасы (тональності), тақырыбы, негізгі кейіпкерлер талданды.


Зерттеу жүргізуде аталған мерзімді басылымдардың онлайн және баспа нұсқасы бірге қаралды. Мақалаларды талдауда бірінші кезекте ақпараттың берілуі, яғни материалдың типіне назар аударылды. Материалдың типі аталған барлық мерзімді басылымдарда текст негізінде берілген. Белгілер санына келетін ақпараттық мақалаларда 1-2 фотоматериал қамтылған.

Мақалаларды талдау арқылы мерзімді басылымда Қаңтар оқиғасына байланысты қаралған мақалалардың қаралым саны есептелді. Бұл нәтижелер бойынша (*1-диаграммада берілген*) Егемен Қазақстан және Жас Алаш газеттерінің мақалалары онлайн режимде

де белсенді қаралымға ие. Ал Заң газеті және ДАТ газеттерінің қаралым саны мен комментарий саны мүлдем көрсетілмеген, яғни онлайн режимдегі бұл ресурстар оқырмандар тарапынан қаралмайтыны анықталды. Сонымен қатар талдау барысында қаралым саны ең көп және ең аз мақала шкаласы қарастырылды. Бұл критерий бойынша ең көп қаралым саны да, ең аз қаралым саны да Егемен Қазақстан газетінен анықталды. Ең аз қаралым – 63. Бұдан шығатын қорытынды – барлық зерттелген БАҚ ішінде Егемен Қазақстан газетінің онлайн ресурсы белсенді қаралатын ресурс.

2-кесте – Мақалалардағы белгілер туралы ақпарат

Параметр түрі	Барлығы	Басылым форматы	
		Мерзімді басылым нұсқасы	Ақпараттың сайт нұсқасы
Мәтін	95,2	-	-
Фото	4,8	-	-



1-сурет – БАҚ онлайн нұсқасындағы қаралым саны

Соңғы жылдардың маңызды трендтерінің бірі электрондық сайт арқылы жариялайтын баспалар көбейді. Осы тұрғыда мақалаларға талдау жасау барысында мақалалардың он-

лайн режимдегі ресурстары қаралғанын атап өттік, сайт беттеріндегі мақалаларды талдауда мақалаға қалдырылған пікірлер саны мен мазмұны да талданды.

3-кесте – Жарияланған мақалалардың ішінде ең көп қаралым алған мақалалар тақырыбы мен мазмұны

Мерзімді басылым атауы	Жарияланым атауы	Қаралым саны	Автор	Негізгі тақырып
Егемен Қазақстан	Қаңтар қасіреті: Сын сағаттан не түйдік?	1136		Депутаттық сауалға жауап
Егемен Қазақстан	Қаңтар оқиғасы жылдар бойы жинақталған проблемаларды ашты	1858	Гайһар Қапаш	Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа үндеуі
Егемен Қазақстан	1149 адам қамаудан босатылды – Бас прокуратура	2463	Гайһар Қапаш	Тұтқындалған азаматтарға қатысты прокуратура қызметкерлерінің іс- әрекеті
Егемен Қазақстан	Қаңтар оқиғасы: Қаза тапқандардың отбасына 7 млн теңгеден беріледі	2601		Тәртіпсіздіктер кезінде қаза тапқан күш құрылымдары қызметкерлері мен бейбіт тұрғындардың отбасыларына 7 миллион теңгеден аударылады
Егемен Қазақстан	ІІМ қаңтар оқиғасына қатысты жаңа мәліметтер жариялады	2902	Дана Мырзақадір	Зардап шеккен ғимараттар туралы
Егемен Қазақстан	Қаңтар оқиғасы: 12 мыңнан аса адамнан жауап алынды	2980	ЕҚ	Тергеуге алынған азаматтар туралы статистика
Жас Алаш	Қаңтардағы қақтығыс: ұйымдасқан қылмыстық топ басшылары ұсталды	1791	ЖА	Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Өскемен және Қызылорда қалаларында 4-7 қаңтарда жаппай тәртіпсіздік ұйымдастыруға қатысы бар бірқатар қылмыстық топ басшылары ұсталды
Жас Алаш	Алматыда терроризмге қарсы операцияға байланысты кейбір көше жабылды	1842	ЖА	Алматыда полиция қызметкерлері терроризмге қарсы операцияға байланысты кейбір көшені жапты
Жас Алаш	Алаңдағыларға қару таратқандар ұсталды	2056	ЖА	Алматы қаласы полиция департаменті жаппай тәртіпсіздіктер кезінде қару-жарақ дүкенінен қару ұрлап алып шығып, Республика алаңына жиналғандарға тарата бастағандарды ұстады.
Жас Алаш	Қаралы қаңтар хронологиясы	2590	ЖА	Алматы полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденовтың көзімен

Аталған мерзімдегі және жалпы сайттағы мақалаларға пікір қалдыру, білдіру үдерісі анықталмады. Мұнда ой салатын бір сұрақ туындайды: іріктелген мерзімді басылымдар сайты белсенді қаралады, оқырмандар тарапынан қолданылады, бірақ қандай да бір мақалаларға пікір қалдыру байқалмайды. Бұл үрдістің өзі бүгінде оқырмандардың қоғамдық пікір білдіруде әлеуметтік желіде белсенді екенін, дәстүрлі ақпарат алу үрдісінен әлеуметтік желі арқылы ақпаратты алу тиімді, жылдам және қолайлы екенін аңғартады деген пікір қалдырады. Әрине бұл үрдіс әлі де зерттеуді талап ететін сұрақ болып қалады. Талдау критерийлерінің

бірі оқырмандардың арнайы тіркеусіз жарияланымдарға түсініктеме беру мүмкіндігі болды. Қарастырылып отырған мерзімді басылым сайттарында осындай мүмкіндік бар екені белгілі болды.

Мерзімді басылым беттеріндегі Қаңтар оқиғасы тақырыбындағы мақалаларға мазмұндық сипатына талдау жасау бірнеше параметрлерден тұрды. Сол параметрлердің бірі – мақаланың жанр, жарияланым түрі бойынша талдау жасау. Мәліметтерге талдау жасау нәтижелері бойынша келесі ақпараттарды білуге болады. Жанр, жарияланым түрі бойынша талдау:



2-сурет – Мақаланың жанры, жарияланым түрі

Зерттеу жүргізген мерзімді басылымдардағы дәстүрлі мақала және ақпараттық хабарламалар кең жарияланады. Жарияланған дәстүрлі мақала – 23,7, ал ақпараттық мақала – 21,2, ақпараттық, статистикалық жаңалықтар хабарламасы – 26,5, жаңалықтар хабарламасы – 8,7. Деректердің сандық көрсеткіші 2-диаграммада берілген. Берілген деректер нәтижесінен байқағанымыздай Қаңтар оқиғасы барысын хабарлайтын мақалалар жанрына талдау нәтижесі бойынша ақпараттық, статистикалық жаңалықтар хабарламасының көп жарияланғаны байқалады, ал ең аз жарияланған жанр сұхбат және үндеу жанры болды. Жас Алаш газетінің жанрлық ерекшелігіне байланысты дәстүрлі мақаланың пайыздық үлесінен оның жиі жарияланатынын байқауға болады (Аверьянов, 2009).

Зерттеу барысында контент-анализ әдісін қолданудың басты өзегі болған мақалалардың

эмоционалдық бағасын (тональность) анықтау арқылы зерттеліп отырған мәселенің негізгі болжамдарына (ғылыми зерттеу сұрағына) жауап алып, болжамдарды нақтылауға немесе жаңа болжам қалыптастыратын зерттеу ойы туындауы мүмкін. Бұл мақсатта да Қаңтар оқиғасындағы құқық қорғау органдарының қызметі, азаматтармен қарым-қатынасы, этикалық күзіреттілігі мәселесін зерттеу барысында мақаланың эмоционалдық бағасына (тональность) қарай отырып, тың деректер алуға және талдауға болады. Келесі кестеде мақалалардың тональностіне байланысты деректер келтірілген.

Зерттелетін басылымдар мазмұнының ерекшеліктерін сипаттайтын маңызды көрсеткіш – басылымдардың эмоционалдық бағасы (тональность). Оны зерттеуде негізгі бес санат бойынша қарастырдық.

4-кесте – Мақала мазмұны бойынша эмоционалдық баға

Тональность	Егемен Қазақстан	Жас Алаш	Заң газеті	DAT газеті	% көрсеткіш
Оң көзқарас	13	13	11		45,6
Теріс көзқарас	13	2	2	6	28,3
Бейтарап	6	-	2	2	12,3
Оң бейтарап	2	-	2	1	6,1
Теріс бейтарап	2	-	-		2,4

Жүргізілген зерттеу негізінде жалпы жарияланым үлесінің 4,9% құқық қорғау органдарының қызметі, полиция қызметкерлерінің қарым-қатынасы, билік тарапынан атқарылған қызметтер мәселесіне қатысты (автордың немесе мақала мазмұнындағы сыни тұрғыдағы көзқарас, наразылық және билік жүйесі мен қызметіне көңілі толмаушылық) теріс көзқарастағы мақалалар болды. Құқық қорғау органдарының қызметі, полиция департаментінің қызметі, билік тарапынан атқарылған бастамалар мен іс-шаралар, қорғаныс күштеріне көзқарасы мәселелеріне қарасты оң көзқарастағы мақалалар – 45,6%. Сонымен қатар мамандар көзқарасы, халықаралық ұйымдардың көзқарасы мен ұсыныстары, Қаңтар оқиғасына саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан баға беру тақырыбындағы мақалалар да ескеріліп, оң бейтарап және теріс бейтарап эмоционалдық баға (тональность) арқылы талданды.

БАҚ ақпараттарға контент-анализ жасау арқылы алынған мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2022 жылдың 4-5 қаңтарында Қазақстанда болған ереуілге және ереуілдің себептері мен нәтижесінде болған салдарларға ақпарат ресурстарының көпшілігі теріс (негатив) мәлімет-

тер бере отырып, теріс сипаттағы контенттердің жарияланғанын көріп отырмыз. Ондай контенттердің болуы орынды. Себебі бұл оқиға еліміздің саяси-экономикалық салаларына үлкен зардап әкелді, қаншама адам шығыны орын алды. Қоғамдағы әділеттілік пен әділетсіздік таразысының жаңа ұғымы қалыптаса бастады. Бұл оқиға сарапшылар мен мамандар тарапынан өзіндік бағасын алып жатыр. Дегенмен бұл оқиғаның саяси, экономикалық, діни, әлеуметтік астарларын зерттеп, тарихи баға беру уақыт еншісінде.

Қаңтар оқиғасы кезінде біздің қоғамдағы тұрғындар мен әлеуметтік институттар арасындағы қарым-қатынас деңгейі көп сынға алынып, қоғамдағы көртеген өзекті мәселелердің құбылыс ретіндегі зерттелуіне себеп болды.

Елімізде құқық қорғау органдары мен тұрғындардың қарым-қатынасы деңгейі, үдерісі Ұлттық статистика бюросы тарапынан жылына екі рет жүргізіліп отырады. Келесі диаграммдан (3-сурет) халықтың құқық қорғау органдары мен сот жүйесіне деген сенім деңгейі бойынша кезекті іріктеу арқылы жүргізілген зерттеу деректерін көруге болады.



3-сурет – Тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенімі деңгейі

Ұлттық статистика бюросы тарапынан жүргізілген зерттеу барысынан біз тұрғындардың құқық қорғау органдарына сенім динамикасын көре аламыз. Зерттеу қорытындысы бойынша прокуратураға сенетін адамдардың үлесі 57,1% құрады, ішінара сенетіндер – 30,6%, керісінше сенбейтіндер – 4%, сенбейтінде – 3,9%. Жауап

беруге қиналғандар үлесі 4,4% құрады. Полиция органдарына сенетіндер үлесі – 57,5%, ішінара сенетіндер – 30,5%, керісінше сенбейтіндер – 3,9%, сенбейтіндер – 4,3%, жауап беруге қиналғандар – 3,8%. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке сенетін респонденттер үлесі 43,4% құрады, ішінара сенетіндер – 32,6%,

керісінше сенбейтіндер – 5,7%, сенбейтіндер – 5,5%, жауап беруге қиналғандар – 12,8%. Өртке қарсы қызметке сенетіндер үлесі – 72,1% құрады, ішінара сенетіндер – 22,4%, керісінше сенбейтіндер – 1,2%, сенбейтіндер – 1,1%. Жауап беруге қиналған респонденттер үлесі – 3,2%. Экономикалық тергеу қызметіне сенетіндер үлесі 40,2% құрады, ішінара сенетіндер – 32,2%, керісінше сенбейтіндер – 5,8%, сенбейтіндер – 4,6%, тағы 17,3% жауап беруге қиналған. Сот жүйесіне сенетіндер үлесі 55,2% құрады, ішінара сенетіндер – 31%, керісінше сенбейтіндер – 3,7%, сенбейтіндер – 4%. Жауап беруге қиналғандар үлесі – 6,1% (<https://stat.gov.kz/>).

Бұл зерттеу қорытындыларына көретініміз құқық қорғау органдарына сенім деңгейі 2021 жылмен салыстырғанда, 2023 жылы жоғарылаған. Бірақ Қаңтар оқиғасы негізінде жасалған контент-анализ қорытындылары статистикалық деректерге қарама-қайшы келіп отыр. Бұл тұрғыда сенім мәселесінің зерттеу методологиясын және механизмдерін қайта қарау және жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Бұл жерде тағы ескеретін жағдай бұл республикалық деңгейдегі зерттеу динамикасына Қаңтар оқиғасының ықпалы болды деп пайымдауға болады.

Әлемдік БАҚ-та талқыланған «Қазақстандағы қаңтар оқиғасы» өзінің саяси – экономикалық жағдайына байланысты жан-жақты талқыланып, саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни талдауларға түсіп, тарихи оқиға ретінде өзіндік бағасын алып жатыр.

Бұл жолғы наразылық экономикалық сипатта өрби отырып, саяси биліктің зардап шегуіне алып келді. Кедейшілік пен қымбатшылықтан зардап шеккен наразы тұрғындардың мұңына қажыған көңіл, қараңғы дін және қақсаған уағыз қосылып, жағдайдың қанды оқиғаға ұласуымен аяқталды. Назарылыққа тармақтап талап қоятын, нақты жоспары жоқ әр түрлі деңгейдегі, әр түрлі санадағы азаматтар шығып, оқиғаның әлемдік деңгейдегі саяси қауіпсіздікке жалғасуына жағдай туғызды. Сырттан келген радикалдық күштердің арбауына түсіп, қаншама жазықсыз азаматтардан айырылды. Әлі де құқық қорғау органдарында жазықсыз жала жабылған азаматтардың қамалуы қоғамның жан айқайы болып отыр.

Ал сенімнің тарихи қалыптасуы, қандай да бір қоғамдағы сенім процесі діни, мәдени, тарихи таныммен тікелей байланысты. Мемлекеттердің саяси-экономикалық дамуы, қоғамдық құрылымның күрделенуі сенімді жаңа

формаларға түрлендіре түсті. Тұрғындардың сенімі бүгінде қоғамдық стереотиптерге негізделген дүниетаным мен қоғамдық пікір негізінде қалыптасқан. Ол қоғамдық пікірлер, стереотиптер мемлекеттің саяси, экономикалық, діни, әлеуметтік, мәдени дамуына тікелей байланысты.

Қорытынды

Елімізде орын алған саяси жағдайлар саяси биліктің жаңа бағытта, қоғамдық сананың жаңа бастамалармен жұмыс жасау керек екенін айқын көрсетіп отыр. Елде болған оқиға тек саяси институттардың ғана емес, басқа да әлеуметтік институттардың, атап айтсақ, экономикалық, құқық қорғау, дін институттарының да функцияларының жаңаруын талап етеді. 2022 жылдың 4-5 қаңтарында болған оқиға бейбіт шеруден басталып, жаппай наразылыққа ұласып, ел аумағын тұтас қамтып, наразылық мемлекеттің қауіпсіздігі мәселесі деңгейіне дейін жетті. Қаншама жазықсыз жазаланғандар, жазықсыз төгілген қан, қара жамылған отбасы сипаты бұл оқиғаға «Қаралы, қанды қаңтар» атауын беріп, халықтың, қоғамның санасын қайта жаңғыртты.

Зерттеудің негізгі қорытындылары:

1. Еліміздегі тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру үшін құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарының жаңа механизмдерін әзірлеу қажет.

2. Орын алған саяси жағдайларды ескере отырып, қоғамдағы саяси көзқарастарды БАҚ ресурстар негізінде талдай келе, саяси мәдениеттің әлі де қалыптаспағанын және біздің қоғамда өзіндік ережелер мен нормаларға сәйкес формасының болмауы байқалады. Осы тұрғыда саяси мәдениетті қалыптастыру және насихаттау жұмыстарын жетілдіру қажет.

3. Назарылыққа шыққан азаматтардың іс-қимылдарын талдай келе, мұң-мұқтажы мен талаптарын талқылай отырып, Қаңтар оқиғасындағы талаптары, еліміздегі барлық буын өкілдерінің құндылық бағдарларын жаңа форматта зерттеуді қажетсініп отырғаны көрінеді.

4. Еліміздің 30 жылдық тарихындағы саяси-экономикалық және әлеуметтік саясаттың әлсіреуі, жүйелі үлгілеріндегі қызметтің бұзылуы «Жаңа Қазақстан» атты жаңаша форматтағы саяси реформалар мен жаңаша қоғамдық сана тұрғысынан құндылықтардың қалыптасу және даму үлгілерін жасау керектігін нақтылайды.

Бұл тұрғыда құқық қорғау органдарының сәтті қызмет атқаруы үшін әр уақытта стратегиялық

коммуникация, эмоционалдық интелекті дамыту, мамандар мен ресурстарға инвестиция салу арқылы түрлі топтағы тұрғындардың сенім мәселесінің күшеюін қадағалай алады. Құқық қорғау органдарындағы қызмет ар-ождан мен әділеттілік жолында қызмет етуден тұрады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметке деген жоғары дәрежедегі сенім елдегі әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақтандыруға, мемлекеттік құрылымдардың өзара қарым-қатынасының жақсаруына алып келеді, азаматтық қоғамды қалыптастырады.

Қасіретті Қаңтар оқиғасы еліміздің тарих беттерінде жаңа саяси, экономикалық реформалардың басталуына алғышарт болды. Елімізде орын алған бұл саяси оқиғаның бірнеше астарлы себептері бар. Ол саяси, экономикалық, діни, әлеуметтік және қоғамдық сана деңгейіндегі мәселелерден туындап отыр. Сонымен қатар бұл оқиға құқық қорғау институты қызметінің де үлкен реформалар өткелінде тұрғанын дәлелдеді. Аталған салалардағы жаңаша үлгілер мен реформалар «Жаңа Қазақстанды» құруға бастама болатыны үміт оятады.

Әдебиеттер

- Аверьянов Л.Я. Контент-анализ. Учебное пособие. – М.: КноРУС, 2009. – С. 388-340.
- Aldrich D. P. Trust deficit: Japanese communities and the challenge of rebuilding Tohoku // *Japan Forum*. – 2017. – Б. 29 (1). – P. 39–52. 10.1080/09555803.2016.1227350.
- Berman J.J. Principles of Big Data: Preparing, Sharing, and Analyzing Complex Information. – Waltham, MA: -2013. – P. 288.
- Брайман А. Әлеуметтік зерттеу әдістері. I том: оқулық / ауд. А. Байленова, Л. Ерменбаева. – Алматы, 2014. – 672 б.
- Гимпельсон В.Е., Монусова Г.А. Доверие к полиции: межстрановой анализ // *Вопросы экономики*. – 2012. – №11. – С. 24-47. 10.32609/0042-8736-2012-11-24-47.
- Geoffrey P., Alpert A & John M., MacDonald A. Police use of force: An analysis of organizational characteristics // *Justice Quarterly*. –2001. – № (18) 2. – P. 393-409. 10.1080/07418820100094951.
- Devi Prasad B. Dowry-related violence: A content analysis of news in selected papers // *The Journal of Comparative Family Studies*. –1994. –V. 25. – № 1. –P. 71-89. 10.3138/jcfs.25.1.71
- Justin N., Scott E. Wolfe., Jeff R and Robert J. Kaminski. Trust in the Police: The Influence of Procedural Justice and Perceived Collective Efficacy // *Crime & Delinquency published online*. -2014. –№61 (4). – P. 610-640. 10.1177/001128714530548
- Кубаенко А. Общественное доверие органам национальной полиции как ключевой фактор эффективности правоохранительной системы // *Legea si viata, Martie*. – 2018. -№32 (315). – С. 80-84.
- Купрейченко А.Б., Мерсияновой И.В. Доверие и недоверие в условиях развития гражданского общества. – М.: Издательский дом НИУ ВШЭ, 2013. – 564с.
- Кошарная Г.Б. Социология: социальная структура и социальные институты / Щанина Е.В., Толубаева Л.Т., Корж Н. В., Тарханова Е.С. – Пенза: Изд-во ПГУ, 2016. – 88 с.
- Об уровне доверия населения к правоохранительным органам (обследование проведено в апреле-мае 2022 года). Электронный ресурс. URL: <https://stat.gov.kz/upload>
- Oleinik A.N., Popova I., Kirdina S., Shatalova T. On the choice of measures of reliability and validity in the contentanalysis of texts // *Quality and Quantity*. – 2014. – V. 48. – №5. – P. 2703-2718.
- Раманқұлова Г. Қаңтар оқиғасы. Өткенге шолу // *BAQ.kz*. – 2022. <https://baq.kz/qantar-oqigasy-otkenge-sholu-294016>.
- Субхангулов Р.Э. Феномен доверия как фактор социального взаимодействия: социально-философский анализ: автореф. дис. канд. философ.наук. – Челябинск, 2016. – 22 с.
- Сорокин Д.Е. Фактор доверия // *Журнал экономической теории*. – 2016. – № 3. –С. 133-138.
- Шлягина Е.Н. Структура и динамика капиталов сотрудников полиции в социальном поле их деятельности (на примере нижегородского региона): автореферат. дис. канд.социолог.наук. –Нижний Новгород, 2021. -25с.
- Шушикова Г.К Доверие населения как индикатор деятельности правоохранительных органов: монография / Шушиковой Г.К и др. Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан. – Алматы: Косшы, 2021. – 168 с.

References

- Aldrich D. P. (2017) Trust deficit: Japanese communities and the challenge of rebuilding Tohoku. *Japan Forum*, vol. 29, no 1, pp. 39–52. 10.1080/09555803.2016.1227350
- Averyanov L. Ya. (2009) Content analys. [Content analysis]. *Uchebnoe posobie*. Moscow: KnoRUS, pp. 388-340 (in Russian)
- Berman J.J. (2013) Principles of Big Data: Preparing, Sharing, and Analyzing Complex Information. Waltham, MA, 2013, pp.288.
- Braiman A. (2014) Aleymettik zerttey adisteri [Methods of Social Research]. I tom: okylyk / aud. A. Bailenov, L. Ermenbaeva. *Almaty*, pp.672.
- Gimpelson V., Monusova G. (2012) Dovere k polici: mezhstranovy analis [Trust in the police: a cross-country analysis]. *Voprosy Economici*, no 11, pp.24-47. 10.32609/0042-8736-2012-11-24-47 (In Russian)

- Geoffrey P., Alpert A & John M., MacDonald A. (2001) Police use of force: an analysis of organizational characteristics. *University of South Carolina Published online: Justice Quarterly*, no 18 (2), pp.393-409. 10.1080/07418820100094951
- Devi Prasad B. (1994) Dowry-related violence: A content analysis of news in selected papers. *The Journal of Comparative Family Studies*, vol.25, no 1, pp. 71-89. 10.3138/jcfs.25.1.71
- Kosharnoi G. (2016) *Sociologiya: socialnaya struktura I socialnye instituty: ucheb.posobie* [Sociology: Social structure and social institutions]. Penza: Publ. PGU, pp. 88. (In Russian)
- Kupreichenko A.B., I.V. Mersyanova. (2013) *Doverye I nedoverye v usloviyah razvitiya grazhdanskogo obshestva* [Trust and distrust in the conditions of civil society development]. Moskwa: Izdatelsky dom VSHE, pp. 564. (In Russian)
- Kubaenko A. (2018) *Obshestvennoe doverye organam nacionalnoi polici kak kluchevoi factor effektivnosti pravoohranitelnoi sistemy* [Public trust in the national police as a key factor in the effectiveness of the law enforcement system]. *Leges si viata, Martie*, no 32 (315), pp. 80-84. (In Russian)
- Justin Nix., Scott E. Wolfe., Jeff Rojek and Robert J. Kaminski. (2014) Trust in the Police: The Influence of Procedural Justice and Perceived Collective Efficacy. *Crime & Delinquency published online*, no 61 (4), pp.610-640. 10.1177/0011128714530548
- Oleinik A.N., Popova I., Kirdina S., Shatalova T. (2014) On the choice of measures of reliability and validity in the content analysis of texts. *Quality and Quantity*, vol. 48, no 5, pp. 2703-2718.
- Shlyagina E. (2021) *Struktura I dinamika kapitalov sotrudnikov polici v socialnom pole ih deytelnosti (na primere nizhegorodskogo paiona): diss. k.s.n.* [The structure and dynamics of the capitals of police officers in the social field of their activities (on the example of the Nizhny Novgorod region)]. Nizhny Novgorod, 2021, pp. 25. (In Russian)
- Shushikova G.K. (2021) *Doverie naseleniya kak indikator deyatelnosti pravoohranitelnykh organov: monograph* [Public confidence as an indicator of the activity of law enforcement agencies: monograph]. *Academya pravoohranitelnykh organov pri Generalnoi prokyratyre Respubliki Kazakhstan*. Astana, Kosshy, 168 p.
- Subhangulov R.E. (2016) *Fenomen doverya kak factor socialnogo vzaimodeistviya: socialno-filosofski analiz: diss.k.f.n.* [The phenomenon of trust as a factor of social interaction: socio-philosophical analysis]. Ufa, 2016, pp. 22. (In Russian)
- Sorokin D. E. (2016) «Factor doverya» [Trust factor]. *Journal Economizheskoi Theory*, no 3, pp.133-138.
- Ramankulova G. (2022) Kantar okigasy. Otkenge sholu Baq.kz. <https://baq.kz/qantar-oqigasy-otkenge-sholu-294016/>.
- (2022) *Ob urovne doverya naseleniya k pravoohranitel'nyim organam (obsledovanie provedeno v aprele-mae 2022 goda)* <https://stat.gov.kz/upload>